

**2012 жылы Курчатов қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеу жылы он жеті жасқа толатын, сондай-ақ шақыру учаскесіне бұрын тіркелмеген Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарын тіркеуді өткізу туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы әкімінің 2011 жылғы 05 желтоқсандағы N 22 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Курчатов қаласындағы Әділет басқармасында 2011 жылғы 22 желтоқсанда N 5-3-112 тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы әкімінің 2012 жылғы 04 мамырдағы N 1694/02-31 хатымен

**Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы әкімінің 2012.05.04 N 1694/02-31 х а т ы м е н .**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17-бабына сәйкес Курчатов қаласының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Курчатов қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеу жылы он жеті жасқа толатын, сондай-ақ шақыру учаскесіне бұрын тіркелмеген Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарын тіркеу 2012 жылдың қаңтар–наурызында өткізілсін.

2. Қалалық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығына ұсынылсын (Рахимов Н . А . ) :

- 1) тіркеу өткізуге шақыру пунктін дайындау;
- 2) тіркеуді өткізуге дайындалу және оны өткізу бойынша қажетті құжаттарды әзірлеу;
- 3) тіркеуді сапалы түрде және уақтылы өткізуді қамтамасыз ету.

3. «Курчатов қаласының қалалық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынына ұсынылсын (Сұлтанов А. Д.):

- 1) жасөспірімдерді медициналық куәландыру өткізу үшін қажет мөлшерде дәрігер мамандарды және медициналық персоналын бөлу;
- 2) қаланың емдеу мекемелерінде комиссиямен амбулаторлық емдеуге немесе

стационарлық тексеруге жіберілген тұлғаларды қабылдауды;

3) шақыруға дейінгілердің кеуде мүшелерін флюорографиялық тексеру, кардиологиялық және басқа тексеру түрлерінің талдауларын қабылдануын ұйымдастыру;

4) шақыруға дейінгілерді тексеруді және емдеуді қамтамасыз ету.

4. Қалалық полиция бөліміне (Төлежанов Ж. Е.) медицина комиссиясының жұмысы кезеңінде шақыру пунктінде қоғамдық тәртіптің қадағалануын қамтамасыз ету, қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының хабарлау бойынша шақыру учаскесіне тіркелуден бас тартқан азаматтарды іздестіруде және қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жеткізуде жәрдемдесу ұсынылсын.

5. Қорғаныс істері жөніндегі бөлімге (Рахимов Н. А.) білім беру мекемелерімен бірлесе отырып, тіркеу жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасының ер азаматтарын Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігінің әскери техникалық мектептеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының әскери оқу орындарына оқуға жіберу үшін іріктеу жүргізу ұсынылсын.

6. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау Курчатов қаласы әкімінің орынбасары Е. В. Старенковаға жүктелсін.

7. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Курчатов қаласының әкімі*

*А. ГЕНРИХ*

*К Е Л І С І Л Д І :*

*жөніндегі бөлім бастығы*

*Қ о р ғ а н ы с і с т е р і  
Н. РАХИМОВ*

*бөлімінің бастығы*

*Қ а л а л ы қ п о л и ц и я  
Ж. ТӨЛЕЖАНОВ*

*бас дәрігері*

*«Курчатов қаласының қалалық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын  
А.СҰЛТАНОВ*

